

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Пайдалы сусындар

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.04.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/71377/>

Қысқа мерзімді жоспар

Пәні: қазақ тілі	Мектеп: «Балдәурен» РОСО филиалы	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Тұрғынбек Н.Н.	
Сабақтың тақырыбы: Пайдалы сусындар	Қатысқандар саны: 22	Қатыспағандар саны: 0
Сынып: 7 а		
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. 7.ӘТН4.5. Шылау сөздердің түрлерімен таныстыру.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: пайдалы сусындар туралы мәтінмен танысады. Шылау түрлерімен танысады.	
	Оқушылардың басым бөлігі: мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, мәтін ішінен шылау сөздерді тауып, түрлерін анықтайды.	
	Кейбіроқушылар: кей сусындардың пайдасы туралы ойын жеткізеді, септеулік шылауларды тауып, шылаулардың қай септіктермен келіп тұрғанын табады.	
Бағалау критерийлері	· шылау түрлерін біледі, сусындардың пайдалы, зиянды түрлерін ажырата біледі, уақытты бағалау қажеттігін түсінеді.	
Тілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер: пайдалы сусындар, қымыз, шұбат, шылау түрлері, септеулік шылаулар, атау септік шылаулары.	
	Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Пайдалы сусындар туралы не білесіңдер? 2. Қымыз бен шұбаттың адам ағзасына қаншалық? 3. Септеулік шылауларға мысал келтіріңдер. 4. Шылаулардың қай септіктермен келіп тұрғанын анықтаңдар.	
	Жазылым бойынша ұсыныстар: мәселені бірлесіп шешудің амалын табады; жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсынады және пікір алмасады; бірлесіп және өз бетінше тапсырмалар орындайды; сұрақтар қояды және жауап береді.	
Құндылықтарды дарыту	· Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; · Ынтымақтастық; · Жауапты азаматтық позиция; · Достарына деген құрмет.	

Пәнаралық байланыстар	биология
Осыған дейін меңгерілген білім	Кешкі және таңертеңгі ас туралы мәтіндер мен шылау сөздердің ережелері бойынша білімдерін саралау.
Жоспар	

Жоспарланған уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурс
Басталуы (7 минут)	<p>Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сәлемдесу; 2. Топқа бөлу; (суреттер арқылы) 1-топ. Қымыз 2-топ. Шұбат 3-топ. Айран 3. Өткен тақырып бойынша білімдерін «Нөмірленген кісілер» әдісі арқылы тексеру 1. Еліктеу сөздер мағынасына қарай неше түрге бөлінеді? 2. Дұрыс тамақтанудың басы – тазалық дегенді қалай түсінесіңдер? 3. Неліктен ауызға түскен асты ұзақ шайнау қажет? 4. Шылау сөздер дегеніміз не? 5. Шылаудың басқа сөз таптарынан қандай айырмашылығы бар? 6. Таңертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама деген сөзді қалай түсінесіздер? 7. Еліктеуіш сөздерге мысал келтіріңіз. 8. Қазіргі уақыт тапшы заманда адамдар дұрыс тамақтанып жүр ме? <p><i>Мақсаты:</i> өткен сабақтағы білімдерін тексеру. <i>Нәтиже:</i> сұрақтарға жылдам әрі тез жауап береді. <i>Дескриптор:</i> мұғалім қойған сұрақтарға жылдам жауап береді.</p>	

<p>Ортасы (25 минут)</p>	<p>Жаңа сабақ Қызығушылықты ояту. (Сурет ұсынылады, оқушылар ойы тыңдалады) 1. Сурет туралы деп ойлайсындар? 2. Суреттің сабаққа қандай қатысы болуы мүмкін? 3. Сурет бойынша пікір білдіріңдер.</p> <p><i>Дескриптор:</i> — сурет туралы ойларын айтады; — сурет бойынша сабаққа болжам жасайды; — өз ойларын білдіреді; — сабақтың тақырыбы мен мақсаты айқындалады</p> <p>Грамматикалық тақырыбымыз: Шылау сөздер Қазақ тілінде шылаудың үш түрі бар: 1. Септеулік 2. Жалғаулық 3. Демеулік Септеулік шылаулар белгілі септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оғын қосымша (мезгілдік, шектік, мақсаттық т.б.) мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен сабақтастыра байланыстырады. Септік шылаулары атау септігі, барыс септігі, шығыс септігі және көмектес септігімен тіркесіп келеді. Атау септік шылауларына түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер жатады: арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, жөнінде, турасында, тәрізді, сияқты, сықылды, жайлы, шамалы, қаралы, сынды, ғұрлы, бойы, бойымен, ғұрлым т.б.</p> <p>Топтық жұмыс «Салыстыру» әдісі арқылы бейнероликтен көрген пайдалы және зиянды сусындар туралы мәліметтерді салыстырады.</p> <p><i>Дескриптор:</i> 1. топпен бірге бейне үзіндіні көреді; 2. мәліметтерді салыстырады.</p> <p><i>Қалыптастырушы бағалау:</i> «от шашу» әдісі арқылы</p> <p>Жұптық жұмыс. FILA кестесі</p> <table border="1" data-bbox="432 1149 927 1283"> <thead> <tr> <th>Facts (мәтіндегі фактілер)</th> <th>Ideas (мәтіннің идеясы)</th> <th>Learning issues (сұрақтар)</th> <th>Action plan (әрекет жоспары)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p><i>Дескриптор:</i> 1. мәтін мазмұнын түсінеді; 2. мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады; 3. кестені толық толтырады.</p> <p><i>Қалыптастырушы бағалау:</i> «бас бармақ» әдісі арқылы</p> <p>Сергіту сәті: «Қымыз іштім» әні</p> <p>Жеке жұмыс. Тапсырма: мақал-мәтелдерді оқып, септеулік шылауларды тауып, шылаулардың қай септіктермен келіп тұрғанын анықтаңдар.</p> <p>Ер жігіт ел үшін туады, Ел үшін өледі.</p> <p>Ақсұңқар ұшар жем үшін, Ер жігіт туар ел үшін.</p> <p>Еріншек түске дейін ұйықтайды.</p> <p>Отан үшін күрес – ерге тиген үлес.</p> <p><i>Дескриптор:</i> 1. мақал-мәтелдерді оқиды; 2. септеулік шылауларды анықтайды;</p>	Facts (мәтіндегі фактілер)	Ideas (мәтіннің идеясы)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (әрекет жоспары)					<p>Презентация</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=jIMViVCEvgc</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=_JqzmDRsmiY</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=XI5B7CXY0-E</p>
Facts (мәтіндегі фактілер)	Ideas (мәтіннің идеясы)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (әрекет жоспары)							

Қалыптастырушы бағалау: смайликтер арқылы

Аяқталуы (8-минут)	«Серпілген сауалдар» әдісі арқылы сабақты бекіту. Әр топ бір-бірден сұрақ жазып, келесі топқа лақтырады. «Бес саусақ» әдісі бойынша сабақты қорытындылап, кері байланыс жүргізу.	
-----------------------	--	--

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.